



Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 5 маусымдағы № 1304 Жарлығы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы жарлықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз.

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар (бұдан әрі – өзгерістер мен толықтырулар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы Жарлықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 1-тармағының төртінші, жетінші және оныншы абзацтарын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.Тоқаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2026 жылғы 5 маусымдағы
№ 1304 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 1 сәуірдегі № 2922 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ережеде:

14-тармақтың 1) тармақшасы елу алтыншы абзацтан кейін мынадай мазмұндағы елу жетінші абзацпен толықтырылсын:

"ұлттық қауіпсіздік органдарының міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін цифрлық объектілерді құру, сүйемелдеу, дамыту және пайдалану;"

15-тармақ:

мынадай мазмұндағы 80-1) тармақшамен толықтырылсын:

"80-1) үкіметтік байланыс желілерінің, республикалық қорғалған байланыс желілерінің және ұлттық қауіпсіздік органдарының қорғалған байланыс желілерінің киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

135) және 136) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 141-1) тармақшамен толықтырылсын:

"141-1) ұлттық қауіпсіздік органдарының цифрлық инфрақұрылым объектілеріне жүйелік-техникалық қызмет көрсету қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

156) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"156) ұлттық қауіпсіздік органдарында жергілікті есептеуіш желілерін ұйымдастыру мен құру жөніндегі қағидаларды әзірлеу және бекіту;"

182) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"182) техникалық, криминалистік және полиграфологиялық зерттеулерді ұйымдастыру және жүзеге асыру;"

316) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"316) қызмет бабында пайдалану үшін;"

2. Құпия.